

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті
2024-2025 оқу жылындағы Сенат мәжілісінің

№6 ХАТТАМАСЫНАН КӨШІРМЕ

Түркістан қаласы
Сағат – 15:00
Сенат залы

29 қаңтар 2025 жыл
Сәрсенбі

Қатысқандар: Сенат мүшелері, Ғылым департаментінің директоры, Академиялық департамент директоры.

Күн тәртібінде:

2. Ішкі аудит нәтижелерін талдау туралы *(Баяндамашы: Стратегиялық даму, рейтинг және сапа орталығының басшысы)*.

Ашық дауыс беру нәтижесінде СЕНАТ ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

2.1. Ішкі аудит нәтижелері туралы мәліметтер назарға алынсын.

2.2. Оқу аудиторияларын жабдықтау стандарты әзірленсін *(Жауапты: Академиялық департамент және шаруашылық департаменті (Мерзімі: 15.03.2025ж. дейін))*;

2.3. Оқу жылы аяқталғаннан кейін жауапты кафедралар тарапынан факультеттің аудиториялық қорына жыл сайын аудит жүргізу (чек-парақтарды пайдалану арқылы) қамтамасыз етілсін. Басқарушылық шешімдер қабылдау үшін аудит нәтижелері жоғары басшылыққа ұсынылсын *(Жауапты: Факультет декандары, кафедра меңгерушілері (Мерзімі: 2025 жылдың 15-інші маусымынан 20-шы маусымына дейін, әрі қарай – әр жыл сайын))*;

2.4. Ішкі аудит барысында анықталған сәйкессіздіктер бойынша түзету іс-әрекеттері уақтылы орындалсын (қажетті ресурстарды ескере отырып) *(Жауапты: Құрылымдық бөлім басшылары, Сала бойынша вице-ректорлар. (Мерзімі: елеусіз сәйкессіздіктер 31.03.2025 дейін, елеулі сәйкессіздіктер қажетті ресурстарды ескере отырып тұрақты түрде))*;

2.5. Түзетуші әрекеттер жоспарларының орындалуына мониторинг жүргізілсін *(Жауапты: Стратегиялық даму, рейтинг және сапа орталығы. (Мерзімі: түзетуші әрекеттер жоспарлары толық орындалғанға дейін))*;


2.6. Барлық құрылымдық бөлімдер сапа менеджменті жүйесінің, стандарттардың, сондай-ақ, сыртқы және ішкі нормативтердің талаптарын қамтамасыз ету және бөлім қызметін ұйымдастыру үшін ішкі аудит үшін (2024) әзірленген чек-парақтарды пайдалансын *(Жауапты: Құрылымдық бөлім басшылары (Мерзімі: тұрақты түрде))*;

2.7. Барлық құрылымдық бөлімдерде басқа құрылымдық бөлімдермен бірнеше өзара іс-әрекеттерді талап ететін басым операциялар мен процедуралар және жоғары тәуекел процедуралары анықталсын. (Жауапты: Құрылымдық бөлім басшылары, Стратегиялық даму, рейтинг және сапа орталығы. Мерзімі: 15.04.25)

2.8 Осы аталған операциялар мен процедураларға университет жұмысындағы қауіп-қатерлер мен ақауларды азайту үшін операциялық процедуралар стандарттары әзірленсін (Жауапты: Құрылымдық бөлім басшылары, Стратегиялық даму, рейтинг және сапа орталығы, мерзімі: 30.06.2025).

Сенат төрайымы
Сенат хатшысы

Ж.Темирбекова
А.Абибуллаева



А. Абибуллаева